

Есенова Қ.Ө., Қосымова Г.С., Жаңабекова А.Ө.,  
Маркова Е. М., Григорянова Т., Әмірбекова А.

# **ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА: ҰҒЫМДАРЫ МЕН КАТЕГОРИЯЛАРЫ**

*Халықаралық ұжымдық монография*

# **ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАММАТИКА: ПОНЯТИЯ И КАТЕГОРИИ**

*Международная коллективная монография*



ӘОЖ 81.36 (035.3)

КБЖ 81.2 std 1-2

Ф 90

Қ.Ө. Есенова, Г.С. Қосымова, А.Ә. Жаңабекова,  
Е. М. Маркова, Т. Григорянова, А. Әмірбекова

Ф 90 Функционалды грамматика: ұғымдары мен категориялары.  
*Халықаралық ұжымдық монография/Функциональная грамма-  
тика: понятия и категории/Международная коллективная моно-  
графия.* – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 2016.  
– 222 б. Қазақша, орысша.

ISBN 978-601-298-368-5

Бұл ұжымдық монографияда функционалды грамматиканың өзекті мәселелері сөз болады. Функционалды грамматиканың негізгі ұғымдары мен категориялары қазақ тіл білімі бойынша жеке-жеке қарастырылып және славян тілдеріндегі етістіктердің динамикалық үдерісі терең талданып берілген. Монография жоғары оқу орнының студенттері мен магистранттарына және докторанттарына арналады.

В этой коллективной монографии исследуются актуальные проблемы функциональной грамматики. Основные понятия и категории казахского языкознания рассматриваются отдельно. Глубоко анализируются динамические процессы в области славянской глагольной деривации. Монография предназначена студентам, магистрантам и докторантам ВУЗа.

ӘОЖ 81.36 (035.3)

КБЖ 81.2 std 1-2

ISBN 978-601-298-368-5

© Қосымова Г.С., Есенова Қ.Ө., Жаңабекова А.Ә.,  
Маркова Е.М., Григорянова Т., Әмірбекова А.  
Абай атындағы ҚазҰПУ, «Ұлағат» баспасы, 2016

Жаңабекова А.Ә.  
А.Байтұрсынұлы ат. Тіл білімі институты,  
фил.ғыл.докторы, профессор

## Қазақ тіліндегі шақ категориясының функционалды аспектісі

### *1 Темпоралдылық категориясының жалпы сипаттамасы*

Шақ (ағылшын тілінде *tense*, француз тілінде *temps*, неміс тілінде *tempus*, испан тілінде *tiempo*) – сөйлеу сәтіне қатысты іс-әрекеттің өту мерзімін білдіретін етістіктің грамматикалық категориясы. Қазақ тілінде – «шақ», орыс тілінде – «время», ағылшын, неміс, француз тілдерінде – «темпорал» терминімен аталады. Орыс тілінің құрылымдық грамматикасында шақ категориясы «категория времени», ал функционалдық грамматикада «темпоральность» терминімен аталады. Ал қазақ тілінің құрылымдық грамматикасында етістіктің шақ категориясы, функционалды грамматикада жоғарыдағы «темпоральность» терминін «шақтылық» немесе орыс тіліндегі, сондай-ақ басқа да шет тілдердегі жүйесін сақтап «темпоралдылық» категориясы деп атауға болады.

Темпоралдылық – функционалды-семантикалық категориялардың ішіндегі предикативті негіздегі семантикалық категориялардың бірі.

Темпоралдылық қимылды сипаттаушы қызметі жағынан аспектуалдылық категориясымен тығыз байланысты. Өйткені темпоралдылық қимылдың өту мерзімін білдірсе, аспектуалдылық қимылдың қалай өткендігін білдіреді, яғни аспектуалдық қимылдың ішкі уақытын білдірсе, темпоралдылық дейктикалық сипаттағы «сыртқы уақытты» білдіреді.

Темпоралдылық категориясы, басқа да семантикалық категориялар сияқты тіл жүйесіндегі грамматикалық категорияларды арқау етеді. Сондықтан шақ пен темпоралдылық категориялары бірімен-бірі тығыз байланысты. Темпоралдылық (семантикалық шақ) – іс-әрекеттің сөйлеу сәтімен өлшегендегі болып жатқанын, болып өткенін, алда болатынын ұғымдық деңгейде беретін жалпытілдік семантикалық категория болғандықтан, сөйлеудегі (сөйленімдегі)

### Функционалды грамматиканың метатілі

Орыс және шетел тіл білімінде функционалды грамматика мәселесі ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеліп келе жатқан болса, қазақ тіл білімінде бұл мәселе көбінесе салғастырмалы тұрғыдан көбірек зерттеліп, ал таза қазақ тілінде бірлі жарым еңбектерді атамағанда, енді ғана зерттеу нысанына айналып жатыр деуімізге болады. Қазақ тіл білімінде функционалды грамматика мәселелері ғылыми тұрғыдан белгілі ғалым З.Қ.Ахметжанова еңбектерінен бастау алады. Әсіресе, орыс, ағылшын, қазақ т.б. шет тілдерімен салғастырмалы тұрғыдан көбірек қарастырылған.

Қазақ тілінің функционалды грамматикасының негізгі мәселелері мен жекелеген семантикалық категориялар бойынша соңғы жылдары біраз мақалалар жарияланды. Таза қазақ тілінің материалдары бойынша мәтін лингвистикасы бойынша С.Құнанбаева темпоралдылық категориясын, Қ.Рысалды сын категориясын, М.Жолшаева аспектуалдылық категориясын, А.Тураева белгілілік, белгісіздік категориясын, С.Құлманов модальдылық (мүмкіндік) категориясын, Ә.Солтанбекова шақтық локальдылық категориясын зерттеді. «Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері» (2007) деген тақырыпта ғылыми жинақ ретінде ұсынылды. Жинақта темпоралдылық, персоналдылық, аспектуалдылық, модалдылық, шақтық локальдылық категориялары бойынша қысқаша мәлімет берілген.

Тіл білімінде функционалды зерттеулер бірнеше бағытта жүргізіледі. Олар: А.Б.Бондарконың «функционалды-семантикалық өріс» теориясы бойынша зерттеу, Г.А.Золотованың коммуникативтік синтаксистік зерттеу бағыты, сонымен қатар тілдік бірліктердің қолданыстағы мағыналарын зерттейтін «тұлғадан мағынаға қарайғы» функционалды бағыт т.б.

Бұл зерттеу бағыттарының ішінде дәстүрлі грамматикада құрылымдық бағытпен бірге зерттеліп келе жатқаны – «тұлғадан мағынаға қарайғы» семасиологиялық бағыттағы функционалдық зерттеу-

## МАЗМҰНЫ

<b>Есенова Қ.Ө.</b> Медиа дискурстағы модальділік мәселесі .....	3
<b>Қосымова Г.С.</b> Функционалды грамматикадағы аспектуалды семантикалық категория.....	42
<b>Жаңабекова А.Ә.</b> Қазақ тіліндегі шақ категориясының функционалды аспектісі.....	67
<b>Маркова Е. М., Григорянова Т.</b> Динамические процессы в области славянской глагольной деривации .....	117
<b>Жаңабекова А.Ә.</b> Функционалды грамматиканың метатілі .....	130
<b>Әмірбекова А.</b> Функционалды-семантикалық өріс: квантитативтілік.....	198